

Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының м.а. 2012 жылғы 14 мамырдағы № 61/НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 4 маусымда № 7694 тіркелді

«Ғарыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 24-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалау бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Заң басқармасы (Қ.А. Әліпбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасары М.М. Молдабековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

М. Молдабеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ ғ а р ы ш а г е н т т і г і
т ө р а ғ а с ы н ы ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 4 м а м ы р д а ғ ы
№ 61/НҚ бұйрығымен бекітілген

Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалау

1. Осы Ғарыш кеңістігіне ұшырылатын Қазақстан Республикасының ғарыш объектілерін таңбалау ғарыш қызметіне қатысушылармен Қазақстан Республикасында өндірілген ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және қосарлы мақсаттағы ғарыш объектілерін таңбалауды (бұдан әрі – Ғарыш объектілерін таңбалау) жүзеге асыру кезінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш кеңістігіне ұшырылатын шетелдік жеке және заңды тұлғаларға тиесілі ғарыш объектілерін таңбалау талап етілмейді.

2. Ғ а р ы ш о б ь е к т і л е р і н д е :

Ғарыш объектісін мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін тіркеу нөмірін;
тіркеу нөмірінің астында орналастырылатын «Kazakhstan» жазуын қамтитын
таңбалау салынады.

3. Ғарыш объектілерінде көлемі таңбалау мәтінінің көлеміне сәйкес келетін
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бейнесі орналастырылады.

4. Таңбалау ғарыш кеңістігіне ғарыш аппараттарын және олардың құрамдас
бөліктерін шығару құралы болып табылатын ғарыш объектілері корпусының жоғарғы
бөлігінің әрбір жағынан салынады.

Ғарыш аппараттары болып табылатын ғарыш объектілерін таңбалау ғарыш
объектісі корпусы конструкциясының элементтері жоқ бүйірлік бетіне салынады.

5. Әріптер мен цифрлар көлденеңмен параллельді бір бағытта салынады.
Бір белгінің символдары кемінде 300 мм және 1000 мм аспайтын бірдей биіктікте
болуы тиіс.

Корпусқа салынатын белгі символдарының биіктігі бос орынның болуына
байланысты, белгінің барынша мүмкін болатын ұзындығы бойынша айқындалады.

6. Егер Ғарыш объектілерін таңбалауының 5-тармақтың екінші абзацында
қарастырылған ғарыш объектісі конструкциясының көлемі таңбалаудың қажетті
көлемін салуға мүмкіндік бермейтін болса, ұсынылған пропорцияларды сақтай отырып,
Ғарыш объектілерін таңбалауының 5-тармақтың үшінші абзацында қарастырылған ең
жоғары көлемге дейін кішірейтуге рұқсат етіледі.

7. Таңбалау ашық фонда күңгірт түспен, күңгірт фонда ашық түспен орындалады.
Барлық символдар атмосфералық жағдайларда түрін өзгертпейтін және ғарыш
объектісін ұшыруға дайындау процесіне қызмет көрсету кезінде өшпейтін бояумен
жазылады.

8. Барлық символдар мен дефистер жалпақ жолақтармен және фонмен жақсы
үйлесуді қамтамасыз ететін түспен орындалады. Әрбір символдың ені (1 цифрынан
басқасы) және дефистің ұзындығы символ ұзындығының үштен екі бөлігін құрайды.
Жолақтың қалыңдығы символ биіктігінің алтыдан бір бөлігін құрайды.

9. Әрбір символ алдыңғы немесе одан кейінгі символдан арақашықтығы кем
дегенде символдың төрттен бір енін құрайтын арақашықтықпен бөлінеді. Осындай
жағдайларда дефис жеке символ болып табылады.

10. Ғарыш объектілеріне мынадай қосымша белгілер салынуы мүмкін:
1) ғарыш объектісін ұшырататын ғарыш қызметіне қатысушының атауы (мемлекеттік
тілде) мен эмблемасының жазылуы;

2) фонға қанық тік шрифтпен салынған ғарыш объектісінің белгісі.
Дайындаушы зауытпен көрсетілген ғарыш объектісінің түрі жөніндегі белгіні
сақтау ұсынылады.

11. Ғарыш объектісіне қосымша белгілер таңбалауды визуалды тануды
қиындатпайтын тәсілмен салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК